

# ФИЛОСОФИЯНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ. СОКРАТТАН ДЕРРИДАҒА ДЕЙІН

Рене Декарт: жүйелі күмәндану –  
философиялық әдістің бір түрі. 1-бөлім

3-тарау. Жаңа дәуір философиясы.  
Ағартушылық философиясы



## Жаңа дәуір философиясының пайда болуының алғышарттары. Он жетінші ғасыр философиялық ойдың дамуында

Қайта Өрлеу дәуірінен кейінгі «Жаңа дәуір философиясы» деп аталатын жаңа кезеңнің шымылдығын ашып берді. Бұл кезеңнің осылай аталуының өзі ешқандай кездейсоқтық емес еді. XVII ғасырда Батыс Еуропаның дамыған елдерінде феодалдық қоғамдық қатынастар біртіндеп ыдырап, капиталистік қатынастар қалыптаса бастады. Жаңа қоғамдық тап – буржуазия дербес әлеуметтік күшке айналды.

1609 жылы Еуропада бірінші буржуазиялық төңкеріс жеңіске жетті. Нидерландтық буржуазия алғашқы болып өз елінде феодализмді құлатты. Бұл бастаманы өнеркәсібі анағұрлым дамыған Ағылшын буржуазиясы ары қарай жалғастырып әкетті.

Жаңа буржуазиялық қоғамның дамуы ендігі жерде Шіркеу диктатурасының қоғамдағы ықпалын біршама әлсіретеді. Дегенмен сол уақыттағы діни көзқарастардың адам санасына деген ықпалы бәрібір де мықты болатын. Оған дәлелге алғашқы буржуазиялық төңкерістердің өзінің дінді реформалау нәтижесінде пайда болған протестанттық діни ағымның байрағының астында жүзеге асқандығын айтуға болады.

Осы XVII ғасырда Қайта Өрлеу кезеңінен бастау алған ортағасырлық феодалдық жүйенің құндылықтарын жаңа құндылықтармен алмастыру жүзеге асты. Сондықтан да Жаңа дәуір мен Қайта Өрлеу кезеңі философиясының арасындағы шегараны айқын бөліп көрсету өте қиын. Дегенмен олардың әрқайсысына тән жекелеген ерекшеліктер бар.

Егер Қайта Өрлеу кезеңінің философиясы ортағасырлық философиялық ой-пікірге реакция ретінде схоластикамен ұзақ уақыт бойы оппозицияда дамыса, Жаңа дәуір философиясы XVII ғасырдан бастап, адамды ең басты құндылық деп жариялады.

Адамның ар-ұжданы мен тұлғалық қадір-қасиетін бірінші орынға қойған жаңа дүниетанымды кешенді бағдарламалық деңгейде жүзеге асыра бастады.

Жаңа дүниетаным ең бірінші кезекте еуропалық өркениеттің тарихи даму жолын ендігі жерде руханилықты дамыту мен ғылыми-техникалық прогресс арқылы өркендеу жолының бірін таңдауды айқындап алудан бастады.

Батыс Еуропа екінші жолды таңдайды. Сауда-саттық пен теңізде жүзу ісін, ғылым мен техниканы, өнерді дамытуды қолға алды. Жаңа дүниетаным, сондай-ақ, ескі қоғамдық қатынастар күйреп, жаңалары қалыптасып жатқан өтпелі тарихи кезеңдердегі жеке адамның тағдыры мәселесін де қарастырды. Егер XV–XVI ғасырлардағы асқақтаған қоғамдық сана адамды еркін деп жариялап, оның жасампаздығын Құдаймен теңестірсе, XVII ғасырда адамды табиғат деген ұлы механизмнің шағын буыны, кішкене ғана бөлшегі және де сол табиғаттың заңдарымен өмір сүреді деп санады. Осыдан келіп, Жаңа дәуірдегі философия мен ғылымның жаңа міндеті келіп шығады. Ол «ғылым ғылым үшін» емес, ғылым адамның Табиғатқа үстемдігін арттыруға көмектесуі тиіс деген ұстаныммен байланысты болды.

Сонымен бірге, ғылымдардың дамуы ең алдымен материалдық өндіріс тәжірибесіне негізделді. Мысалы, италяндық физик әрі математик Торричелли сынапты барометр мен ауа насосын ойлап табады. Исаак Ньютон классикалық механиканың заңдарын ашады. Роберт Бойль механиканы химияға қолдану арқылы атомдық зерттеулерді тереңдеті түседі.

Осы кездегі математика мен механика, физиканың дамуына айтулы үлес қосқандар қатарына Рене Декарт пен Готфрид Лейбницті де айтуға болады.

Бұл кезеңде әлемнің біртұтас ғылыми суреттемесін жасау мен жинақталған орасан фактілерді жүйелеу, сондай-ақ, табиғи құбылыстар арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтауда танымның соны тәсілдерін іздестіру басты ғылыми қажеттілікке айналды. Осыған орай философияда да таным теориясының мәселелері бірінші орынға шығады. Атап айтқанда, білу дегеніміз не? Ақиқатқа бастар жол – сезімділік арқылы өте ме? Жоқ, ақыл-ой арқылы жүре ме? Интуиция маңызды ма, жоқ логикаға сүйенген дұрыс па? Танымның аналитикалық болғаны дұрыс па, жоқ синтетикалық болғаны жөн бе? – деген сауалдар Жаңа заман философиясының негізгі мәселелері еді.

Сонымен, он жетінші ғасырда екі төңкеріс жүзеге асады. Оның бірі қоғамда феодализмнен капитализмге өтуге байланысты – әлеуметтік төңкеріс болса, екіншісі, экспериментальді-



математикалық жаратылыстанудың қалыптасуы, экспериментке деген қызығушылық, рационалдық таным мәселесіне қатысты ғылыми төңкеріс болатын. Бұл әлемге деген жаңаша көзқарастың қалыптасуына түрткі болды. Тәжірибелік ғылымдар эксперимент арқылы көптеген жетістіктерге жетті. Себебі эксперименттің бақылауға қарағанда артықшылықтары көп болатын. Егер бақылау табиғи құбылыстарды зерттеуде оны тапжылмай отырып бақылап, өзгерістерді есепке алып, ішкі байланыстардың қайталанып отыратын ретін айқындауға мүмкіндік берсе, эксперимент кезінде ғалым табиғи құбылыстарды зерттеу үшін олардың қайталануын тосып отырмайды. Сол құбылыстарға балама боларлық жағдаяттарды қолдан жасайды, орта ұйымдастырады. Сондықтан да экспериментті кейде табиғатты жекпе-жекке шақыру деп те атайды.

Егер ортағасырларда философия құдайтанумен одақтастықта дамыса, Қайта Өрлеу дәуірінде ол өнер және гуманитарлық білім салаларымен қатар дамыды. Ал XVII ғасырдағы философия болса, жаратылыстану мен нақты ғылымдарды одақтастыққа алады. Бұл одақ XVII ғасырда өмір сүрген әлемдік масштабтағы саңлақ философтардың жаңашыл идеяларының туындауына қолайлы жағдай жасаған құнарлы топырақтың қызметін атқарды. Сондықтан бірқатар зерттеушілердің XVII жүзжылдықты кемеңгерлердің ғасыры, Фрэнсис Бэкон, Рене Декарт, Томас Гоббс, Бенедикт Спиноза, Готфрид Лейбниц сияқты ғұламалардың ұлы философиялық жүйелерінің ғасыры деп атауы жайдан-жай емес болса керек.

### **Ғылымның әлеуметтік институт ретінде қалыптасуы, философияның жаңа міндетінің айқындалуы**

XVII ғасырда ғылым алғаш рет әлеуметтік институт ретінде қалыптасқан болатын. Егер антикалық дәуір мен ортағасырларда, тіпті Қайта Өрлеу кезеңінің өзінде адамдар ғылыммен жеке-жеке жүріп шұғылданатын. Тіптен ежелгі грек қоғамындағы алғашқы ғылыммен айналысқан ойшылдар өздерінің ғылыммен айналысып, ғылыми білімнің негізін қалап жатқандығын да білмеген. Олай дейтініміз, ертедегі ойшылдар табиғатты зерттеп, әпсана мен діндегідей кім жаратты деп емес, ол қалай жаралған, ең әуелі не жаралды, қалай жаралды деген сауалдарға жауап іздейді. Сөйтіп, олар болмыстың алғашқы бастауларын іздестіріп, келешек үшін маңызды мәселелерді қарастырды. Осылайша ғылым мен философияның негізін қалаған. Сондықтан да Аристотель физика мен астрономияны негіздеген табиғат зерттеушісі Фалесті, сондай-ақ, натурфилософтарды бірінші философтар деп атаған.

Ал XVII ғасырдан бастап ғылыми қауымдастықтар құрылып, лабораториялар ашыла бастады. Ғалымдар ендігі жерде ғылыммен жеке жүріп емес, ұжыммен айналысатын болған. Осының арқасында тәжірибелік ғылымдар дамыды. Ғылымның жаңа мақсаты мен міндеті жаңа фактілердің жинақталып, экспериментальді-математикалық жаратылыстану ғылымдарының қалыптасуына ықпал етті. Антикалық және ортағасырлық ойлауға сәйкес, математика нақты дүниедегіні емес, абстрактілі нәрселерді қарастырады. Ал физика көзбен көріп, қолмен ұстай алатын шынайы әлемді, табиғатты зерттейді деген түсінік қалыптасқан. Осыған байланысты Жаңа дәуірде математиканың қатаң сандық әдістерін физикаға қолдануға бола ма деген сауал туындады. Бұл XVII ғасыр физикасының орталық мәселесіне айналды. Философияда бұл табиғатты зерттеудегі тәжірибелік пен абстрактілік арақатынасы мәселесінің қойылуымен байланысты өрбіді. Сондықтан Жаңа заман философиясы деп Батыстық мәдениетте Қайта өрлеу дәуірінен бастау алған ғылым мен философиядағы ізденістердің тың серпін алып, Фрэнсис Бэкон, Рене Декарт, Бенедикт Спиноза, Джон Локк, Томас Гоббс, Готфрид Лейбниц, Джордж Беркли, Давид Юм есімдерімен байланысты, жаратылыстану мен философия, қоғамдық ғылымдардың тың идеялармен байыған XVII ғасыр философиясын айтамыз. Бұл уақытта жеке нақты ғылымдар табиғат заңдарын ашса, философия барлық ғылымдарға ортақ ойлаудың әмбебап заңдылықтарын, танымның жалпы әдісін анықтауы тиіс болды. Басқаша айтар болсақ, Жаңа заман философиясы жаңа ғылыми әдісті қалыптастырудың қажеттілігі туралы сұрақ қоюдан басталады. Нақтырақ айтқанда, барлық ғылымдарға ортақ дүние туралы толықтай ақиқат білім бере алатын әдіс қажет болды. Осының негізінде Жаңа заман



философиясында екі негізгі бағыт қалыптасты. Олар эмпиризм және рационализм болатын. Эмпиризм – эмперіо – тәжірибе – білім тәжірибеге сүйенеді деп саналса, рационализм таным процесі ақыл-ойдан басталады деп есептейтін ілім.

Эмпиризм бағытының негізін салушы ағылшын философы Фрэнсис Бэкон болды. Оның негізгі еңбектері: «Ғылымдар табысы», «Жаңа органон», «Жаңа Атлантида». Фрэнсис Бэкон – эксперименттік ғылымдардың негізін салушы ғалым болатын. Ол ойдың жекеден жалпыға қарай жылжуына негізделген индукция әдісін барлық ғылымдарға ортақ, ақиқат білімге жеткізетін әмбебап әдіс деп есептеді. Оның философиясы жаратылыстану ғылымдарына сүйеніп, схоластика мен діни-идеалистік көзқарастарға қарсы болды. Бэконның пікірі бойынша, адамның негізгі мақсаты – табиғат күштерін игеру. Оның негізгі принципі – «Білім-күш». Ол үшін ғылым заңдарын танып білу, соларға сәйкес әрекет ету деген сөз. Табиғаттың сырын, заңдылықтарын білген адам оны өз қажетіне жарата алады, ал табиғатты материяны қарастыру арқылы түсінуге болды. Материяның қасиеттері көп, солардың ішінде негізгісі – қозғалыс. Ол материяның кеңістіктегі орын ауыстыруы.

Бэконның пікірінше, дүниені дұрыс танып, жалған пікірлерден азат болу үшін төрт түрлі елестерден құтылу қажет: 1) адам табиғатына тән тектік елестер, 2) әркімнің өзіне тән елес, 3) базар елестері және 4) театр елестері. Олардан құтылудың басты жолы – тәжірибе жасау, нақты зерттеу жүргізу, қалыптасқан ұғымдарды сол күйінде алмай, тексере білу.

Ал рационализм болса – жаңа заман философиясындағы эмпиризмге қарама-қарсы ағым. Оның өкілдері барлығын тәжірибеден тыс ойлау арқылы ғана тануға болады деп есептеді. Классикалық рационализмнің негізін қалаған – Рене Декарт. Декарттың әдістемесі классикалық рационализмнің орталық мәселесіне айналған – айқындылық принципі немесе интеллектуалды интуицияға негізделген. Интуиция – ақиқатты лезде, ақыл-ойдың көмегінсіз ұғыну.

Рационализм үшін шындықтың жалғыз өлшемі – ақыл, ақылмен айқын және түсінікті ойлау және де осы ақыл, ойлау рационалистер үшін, нағыз болмыс болып табылады.

Декарт өз заманының философиясы мен білімінің жай-күйіне риза болмай, оны ешбір күмән туғызбас білім негізінде қайта құруға ұмтылған. Математиканы білімнің идеалы есебінде санап, философияны да осы математикаға сай құрмақ болды. Егер Бэкон бұл жолда тәжірибеге сүйенсе, Декарт ақыл-ойға жүгініп, дедуктивтік әдісті ғылыми танымның басты әдісі деп санаған. Мұнда ой жалпыдан жекеге қарай жүру арқылы тұжырымға келеді немесе дедукция деп – қорытындыны алдын ала анықталған белгілі фактілерге сүйене отырып шығару; белгілі бір ережелер бойынша құрастырылған, аксиомаларға негізделген және логикалық қорытындымен аяқталатын пікірлер ретін айтсақ болады. Декарт, сондай-ақ, ғылыми танымның эпистемологияның дамуына үлкен үлес қосты. Эпистемология – философияның, танымның тарихын, әдістерін және принциптерін зерттейтін бір саласы. Сонымен бірге, ол физиканың, психологияның, физиологияның дамуына үлкен үлес қосқан. Оның философиялық көзқарасына дуализм тән, өйткені ол үшін ойлау мен материя бір-біріне тәуелсіз екі бөлек субстанцияны құрайды. Сондықтан да Декарт «Адам – ақыл-ойы бар зат» деген анықтама айтқан.

## Декарт және жаңа дәуір философиясы

Көрнекті француз философы және математигі, жаңа европалық рационализмнің негізін қалаушы Рене Декарттың да философиялық көзқарастары осы ұстанымға сай болатын. Жастайынан ақиқат білімді жалған білімнен ажыратуға күш салған ойшыл өзінің алдына қойған мақсатын орындауға бағытталған ережелерді ойлап тапты.

Декарттың пікірінше, философияның жарты бөлігі төмендегі ойларға сүйенеді.

Ақиқатты іздестіру барысында тек ақылды басшылыққа алу керек. Ешқандай беделге, дәстүрге, кітапқа, сезімге сенуге болмайды. Сондықтан бұрынғы барлық білімдерді мен икемділіктерді ығыстырып, олардың орнына жаңадан табылған немесе бұрынғы, бірақ ақылмен ойластырылған, тексерілген білімдерді қою қажет.



Ақиқатқа тек қана ақылдың күшімен, оны дұрыс пайдаланумен ғана жетуге болады.

Осы қағидалардан-ақ, Декарттың таным туралы ілімінің Фрэнсис Бэкон ілімінен түбегейлі айырмашылығын көруге болады. Өйткені, білімнің негізі, ақиқаттың қайнар көзі – адам ақылы деп ол рационализмді жақтады.

Декарттың ойынша білімнің ақиқаттығының өлшемі – ақыл. Ол философияны өсіп тұрған бәйтерек сияқты жүйе деп есептеді. Бұл бәйтеректің тамыры философия, діңі – физика, ал бұтақтары – басқа ғылымдар. Мысалы, медицина адамдардың денінің сау болуына жол ашады, механика тұрмысты оңтайлы ұйымдастыруға бағытталған білімді береді, этика ізгілікті өмір сүрудің жолдарын анықтайды.

Бәйтеректің діңі мен бұтақтары тамырынсыз өсіп-өне алмайтыны сияқты философиясыз ешбір ғылым дами алмайды.

Ғылымдар жүйесі үшін философия өте маңызды, сондықтан оның алғашқы бастаулары мен түп негіздерін әруақытта біліп отыру қажет.

Осы мақсатты орындау үшін Декарт арнайы тәсіл ойлап тауып, оны картезиандық күмәндану деп атады. «Күмән келтіру» принципін Декарт былай деп суреттеді. «Егер мен күмәнданатын болсам, онда менің ойлағаным. Егер мен ойланатын болсам, онда менің өмір сүргенім». Ол осы принцип арқылы әлем мен философияның ескі көзқарастарынан арылып, жаңалыққа бой ұруына жол ашты.

Ғасырлар бойы өзгермейді деп келген қисынсыз қағидаларды талқандай отырып, рационалдық әдістің тууына себепкер болды. Декарт ақыл-парасатты аса жоғары бағалап, оны білімнің қайнар көзі деп есептеді.

Таным теориясы мәселелеріне баса назар аударған ойшыл, білімнің көзі мен оның ақиқаттылығының өлшемі ол сыртқы дүниеде емес, адамның ақылмен іздеуінде деп байыптайды. Танымның көзі – интеллектуальды интуиция екендігін дәйектейді. Бұл сезім мүшелерінің көрсеткіштері мен логикалық дәлелдерге сүйенбейді, әрі ақиқатқа тез жете алады деп интуицияның артықшылықтарына сүйенді. Интеллектуальды интуиция – материалды шындықтан таза ақылмен бөлінген нәрсе. Ол жалпыға бірдей: ойлайды, өмір сүреді, таниды. Мәселен, үшбұрыш үш сызықтан тұратындығын аңғарады т.б шындықтарды біледі. Декарт Бэконның таным теориясындағы индукцияға қарсы бірден-бір таным дедукция деп білді. Ол жалпыдан жекеге қарай жүретін логикалық тұжырым бола отырып, жеке ақиқатқа сәйкес келетін жалпы ұғымдардың интеллектуальды интуициясынан туындайды. Интуицияда ой қозғалысы жоқ, оған алғашқы, тікелей нақты жалпы қағидалар беріледі. Дедукцияда ой қозғалысының процесі жүзеге асады. Интуициядан берілгендердің мазмұнын ашу дедукцияға жүктеледі деп пайымдайды.

Декарт білімдердің ақиқаттығына күдіктеніп, танымның басты екі мақсатын көрсетті:

- 1) қағидалардың, метафизиканың шығу көзін табу;
- 2) фантастикалық елестерден қашу, жалған ұғымдардан құтылу, схоластикадан арылу.

Ғылым жолын осылай тазалау керек деп ой түйді. Себебі ғылымның фундаменті: тәжірибе, логика, сынау. Ғылыми білім дүние туралы адекваттік бейне ұсынады. Адам ғылым арқылы ақиқатқа жақындайды; сенім саналы түрде субъективті қажеттілікпен негізделген ақиқатты қабылдау болса, ғылыми білім объективтілік пен универсалдылығымен жалпылыққа тырысады. Ғылыми білімнің түрлері көп. Олар фундаменталды, қолданбалы, эксперименталды, теориялық және т.б. Бірақ ғылыми білімнің бәрі бір стандартқа сәйкес болады. Білімді білімсіздіктен ажыратуға жеткілікті негіз заңы логикалық мөлшер ретінде қолданылады. Ғылым шынайы дүниенің заңдылығына бағынатын, себептелген табиғи жағдайлар мен процестер. Ғылым физика мен химияның заңдарына бағынып, табиғи реттілікке шақырады.

## Өмірі

Рене Декарт 1596 жылы Лаэ деген жерде дүниеге келді. Бұл елді мекен орталық Франциядағы Тур қаласынан оңтүстікке қарай 35 миль қашықтықта орналасқан.



Қазір бұл жер ұлы философ және математиктің атында. Ойшыл дүниеге келген үй қазір Декарт елді мекенінің Декарт көшесіндегі Декарт атындағы жиырма тоғызыншы үй. Бұл үй қазір шағын мұражайға айналған. Декарт 8 жасында бүгінде әскери академияға айналған Ла Флеш иезуит колледжіне оқуға жіберілді. Бұл оқу орнында ол сегіз жыл білім алады. Логиканы, философия мен математиканы оқыды. Өзін өте дарынды, білімқұмар шәкірт ретінде көрсетті. Бірақ Декарт сәл әлжуаз бала-тұғын. Сол себепті, еркелеп, төсекте ұзағырақ жатып алушы еді. Осындай сәттерде ол өрмекшінің өрмекті қалай тоқитынын бақылап, ақыры осы зерттеулерінің негізінде өзінің әйгілі координаталардың геометриялық принциптерін жасап шықты. Кейін алған білімі үшін иезуиттерге ризашылығын білдірді және бұл білімнің керемет сапалы болғанына кәміл сенді. Декарт «дүниенің ұлы кітабын» танып-білгісі келіп, әскери қызметін өтеуге бел байлады. Оны Франциядан тыс аймақтардағы әскери қызмет қызықтырды. Бұл денсаулығында кінәраты мол әлжуаз адам үшін мүлде қисынсыз таңдау болып көрінуі мүмкін. Бірақ әскери қызметке кірісіп, Германияда, Баварияда, Венгрия мен Чехияда қызмет етті. Ол әскери өмірін математика, философия және музыканы зерттеумен ұштастыра білді. Декарт ақыр соңында өзін өмірдің негізгі мақсаты ақиқатты ақыл-ойдың көмегімен іздеу және ұғыну екеніне сендірген бірнеше түс көрген деген пікірлер бар. Жаратқанның осы аянына алғысын білдірмек ниетпен ол Лоретодағы киелі Құдай-Ана Үйіне тәуап ету үшін Италияға бармақ болды. Бірақ бұл сапар ойластырған уақыттан кейінірек жүзеге асты. Декарт біраз уақыт Парижде тұрды, алайда оны өзінің ғылыми қызметі үшін онша қолайлы жер деп есептеген жоқ. Ол бірнеше кітап жазды. Бұл кезде ғалымдар еңбектерін латын тілінде жазатын. Оның кітаптары француз тіліне біршама тез аударылды. Еңбектерінің арасында «Дүние туралы трактат», «Әдіс туралы пайым», «Алғашқы философия туралы толғаныс» және «Жан құмарлықтары туралы» сияқты туындылар ерекше көзге түседі. Ол «Дүние туралы трактатты» жариялауға асықпады.

Мұныңбастысебебі – инквизицияның Галилео Галилейді жалған ілім таратты деп айыптауы еді. Декарт Голландияға қоныс аударды, себебі Еуропаның басқа мемлекеттерімен салыстырғанда бұл елде цензура жұмсақтау болатын. 1649 жылы швед патшайымы Кристинаның шақыруын қабыл алып, сарайға келді. Патшайым заманауи философияны зерттеуге қатты құмар болды. Бірақ, шведтің қатаң қысы Декарттың денсаулығына жақпады. 1650 жылдың 11 ақпанында, Швецияға қоныс аударғаннан кейін бес айдан соң, безгектен қайтыс болды. Ол сабырлы да қарапайым, тәрбиелі, өз қызметшілеріне мейірбан және қайырымды джентльмен еді. Декарт Рим католик шіркеуіне шын берілген діндар болса да, бүкіл өмірін тек адамның ақыл-ойы ғана шеше алатын сұрақтар мен мәселелерге арнады. Жаңа философиялық жүйе жасауға саналы түрде бел байлады.

## Ойлары

Қазіргі заманға ұзақ жол Қайта өркендеу дәуірі мен XIX ғасыр арасындағы уақыт мөлшерінде шіркеу мәдениетке жүргізіп отырған билігін ақырындап жоғалта бастады, ол мемлекеттің қолына көшті. Мемлекет қоғамдық өмірдің барлық саласына ықпалын үздіксіз күшейте түсті. Көптеген ұлттық мемлекеттер өз корольдерін орнынан тайдырып, басқарудың жаңа формаларына ауыстырды. Сауда-саттықпен айналысатын әлеуметтік таптардың билікті өз қолдарына шоғырландыруы жиіледі. Жаңа мәдениет, жалпы алғанда, либералды болды. Жаңа институттар ортағасырлық шіркеу сияқты емес, философтарды бақылап отыруға ешқашан ұмтылмады. Осы дәуірде жаңа дүниетаным қалыптасты. Жаңа қоғамдық санада біртіндеп, ретімен болып жатқан екі айқын өзгеріс байқалды. Бірінші өзгеріс – шіркеу беделінің түсуі, әсіресе Рим католик шіркеуі беделінің төмендеуі. Екінші өзгеріс – ғылым беделінің артуы. Жаңа ғылым ақыл-ойға жүгінді. Бұл біртіндеп, рет-ретімен жасалған жаңалықтар дәуірі еді. Ол енді бұрынғыдай ғажайыптар жүйесі болудан қалды. Ортағасырлық шіркеудің ресми догматтары абсолюттік ақиқат сияқты жарияланса, жаңа, ғылыми ақиқаттар болжамды түрде, ықтималдылық негізінде тұжырымдалды және түзетулер мен өзгертулерге ашық болды. Ақылдың жаңа ғылыми түрінің сипаты авторитарлықтан гөрі көбіне ізденімпаз, әрекетшіл, жаңаға ұмтылғыш еді. Осындай құндылықтарды қабылдауда қоғам біртіндеп динамикалық сипатқа ие бола бастады, қозғалыссыз салалар азайды. Ғылыми көзқарас этикалық бей-



тараптыққа бейім болды. Субъективтілікке бейімділік қазіргі заманғы философияда әлі күнге дейін бар. Бұл, әрине, өзінің барлық білімін өзіндік өмір жолы негізінде қалыптастырған Декарттың еңбектерінен де айқын байқалады.

## Пеш үстіндегі бір күн

Қазіргі заманғы философия 1619 жылдың 10 қарашасында, Декарт оны пеш үстінде өткізген күні дүниеге келді. Ол одан «ақиқатқа жетудің әмбебап әдісі идеясымен» шықты. Пеш үстінде күні бойы қалай отырды? Бұл оған не үшін қажет болды? Осы туралы бірнеше болжам бар. Мүмкін, ыстық пеш тұрған бөлме үйдегі жалғыз жылы бөлме болған шығар. Тағы бір пікірге сүйенсек, пеш бөлмеге қарай шығып тұрған текшеде орналасқан болса керек. Осылайша текшеге, яғни пеш сәресінің астындағы тақтаға жайғасқан адам отқа жақынырақ отырады екен. Қалай болғанда да, бұл қазіргі заманғы философия дүниеге келген жерге айналды. Германиядағы дәл осы пеште Декарт схоластикалық философиядан біржола бас тартуға, оны сызып тастап, бәрін қайтадан бастауға бел байлады. Осы мақсаттары оның алғашқы философиялық және ғылыми еңбегінде, ғылым әлемі үшін үйреншікті латын тілінде емес, жаңа тілде, яғни французша жазған еңбегінде жүзеге асты. Декарт «өзінің табиғи ақыл-ойын ғана қолданатындарға» осы кітаптың түсінікті болғанын қалады. Бұл кітап «Әдіс туралы пайым» деп аталды. Осы еңбегінде өз зерттеулеріне негіз болған төрт ережені бейнеледі. Біз енді соларға нақты назар аударып көрейік.

## Картезиандық ережелер

Адамның көптеген ережелерді ұстануы көп ретте оның ақиқатты жете ұғына алмауының себебіне айналады деп атап көрсетті. Мемлекетте заң аз болса, оны басқару әлдеқайда тиімді болатынын түсінді. Сондықтан, ол төрт ереже ғана ұсынды. Қазіргі заманғы саясаткерлер «мемлекеттік реттеуді бәсеңдету» туралы айтқанда, өздері байқамастан, оның ойларын қайталайды.

1. Ол ақиқат деп ақиқаттығы айқын нәрсені ғана қабылдады. Нені болсын өзінің пайымдауларында анық және айқын түсінбегенше, күмәндануға ешқандай негіз қалмағанша, ештеңені қабылдамады. Оның тек қана айқын және дәл идеяларды қарастыру ережесі осыдан анық көрінеді.

2. Декарт әр мәселені өз мүмкіндіктерінің аясында, көптеген қарапайым бөліктерге бөлді. Бұл бөліктер мәселені тезірек және дұрыс шешу тұрғысынан алғанда, қажеттілік принципі бойынша ажыратылып көрсетілді. Осы ереже анализ деп аталады.

3. Оның барлық ойлары белгілі бір рет бойынша баяндалды. Декарт пайымдауларын түсінуді жеңіл қарапайым идеялардан бастады. Әрі қарай ойлау реті анағұрлым күрделене түсті. Пайымдаудағы қарапайымнан күрделіге қарай біртіндеп жылжу ережесінің мәні де – осы.

4. Ол жиі-жиі толық шолу жасап отырды, бұл оған ештеңені ұмыт қалдырмауға мүмкіндік тудырды. Бұл – синтез ережесі.

Қандай да бір мәселе туралы пайымдаулар ақылдың маңызды екі әрекеті: анализге және синтезге байланысты екенін атап өту маңызды.

## Қазіргі заманғы философияның негізін қалаушы

Декартты қазіргі заманғы философияның негізін қалаушы деп жиі айтады. Бұл – әділ пікір. Ол интеллектуалдық қабілеті өте жоғары философ еді. Оған жаңа физика мен астрономияның дамуы ықпал етті. Ол өзінің еңбектерін оқытушы емес, зерттеуші сияқты жазды. Оның жазу мәнері өткір және еш зеріктірмейтін еді. Өз зерттеулерінде тек ақыл-ойға ғана жүгінген, алдыңғы



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін  
Тарау: 3. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философиясы  
Дәріс: 11. Рене Декарт: жүйелі күмәндану – философиялық әдістің бір түрі. 1-бөлім

---

философтардың беделіне сене беруден бас тартқан Декарт философияны қайта ашқандай еді. Ол болжамдар мен тұспалдардан аулақ болуға талпынды. Айқын және нақты нәрселерге ғана сүйенді. Рене Декарт өзінің дәл және абстрактілі идеялармен жұмыс істеуге тиіс екеніне сенімді еді. Интуиция мен дедукция ілім-білімге жетудің ең айқын жолдары болып көрінді. Декарт үшін болмыстың құрылымын емес, білімнің құрылымын іздеуге ұмтылу маңызды еді. Оны онтология емес, эпистемология көбірек қызықтырды. Осылайша философияның заманауи дәуірі Декарттан басталды деп сенімді түрде айтуымызға болады.